



**Вестник Академии Педагогических Наук  
Казахстана**

№6 (қараша-желтоқсан), 2019 жыл

№6 (ноябрь-декабрь), 2019 год

Құрылтайшы: «Педагогикалық  
Ғылымдар Академиясы» ҚБ

**МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ**

**Редакциялық алқа:**

А.К. ҚҰСАЙЫНОВ  
бас редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА  
бас редактордың орынбасары

К.Ө. ҚОНАҚОВА  
Д.В. ЛЕПЕШЕВ  
Л.Х. МӘЖИТОВА  
Ф.Т. САМЕТОВА  
Б.А. ТҮРГҮНБАЕВА  
С.А. ҰЗАҚБАЕВА  
Н.А. ШАМЕДЬХАНОВА  
Т.С. ШУМЕЙКО  
А.А. САТБЕКОВА  
Р.О. НИЯЗОВА  
Ж.Б. ҚОҢЫРОВА  
Т.Е. СҰЛТАНҒАЗЫ

**Редакциялық кеңес:**

Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)  
Қ.А. БИСЕНОВ  
С.В. ИВАНОВА (РЕСЕЙ)  
Д.П. ҚОЖАМЖАРОВА  
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РЕСЕЙ)  
Б.Б. МАМРАЕВ  
А.М. МАМЫТОВ (ҚЫРҒЫСТАН)  
Ғ.М. МҰТАНОВ  
К.Н. НӨРІБАЕВ  
А.А. ТАЛТЕНОВ  
А.А. ШӘРІПБАЕВ

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде қайта тіркеліп,  
24.01.2013 ж.  
№13303-Ж куәлігі берілген  
Вестник жылына 6 рет шығады

«Вестник АПН Казахстана» журналы  
ҚР БҒМ БҒСБҚ (ККСОН) педагогикалық  
ғылымдар бойынша негізгі қорытындылар-  
ды жариялауға ұсынған ғылыми басылым

ҰҒТАО Қазақстандық дәйексөз алу  
(цитирование) қоры мәліметтері бойынша  
журнал импакт-факторы 0,074

Мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді.

**Редакцияның мекен-жайы:**

050000, Алматы қаласы  
Абылай хан даңғылы, 74А  
Тел.: 8 (727) 313-18-15, 313-18-16  
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru

Пішіні 70x100<sup>1/8</sup>  
Қағаз офсеттік. Шартты баспа табағы 16,5  
Таралымы 300 дана

© «Педагогикалық Ғылымдар  
Академиясы» ҚБ, 2019

*СЛОВО ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА* ..... 3

*Р.О. АЛИ*

Дискурс о сущности и факторах обновления  
содержания образования.....5

*Р.Б. ОРАЗАЛИЕВА*

Развитие педагогики народного художествен-  
ного творчества в образовательном пространстве  
Казахстана ..... 11

*А.А. ҚДЫРБАЕВА, С.А. НУРЖАНОВА,  
А.С. СТАМБЕКОВА*

Модель профессиональной подготовки поли-  
язычного специалиста начального образования ..17

*А.И. КЛИМЕНКО*

Исследование учебной активности в общей  
структуре личности .....25

*А.К. ИСАБЕКОВА*

Мұғалімнің кәсіби мәртебесі .....29

*А.Ш.ТӘҢІРБЕРГЕНОВА, М.И.КАРАГОЗИНА*

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – ел  
болашағының кепілі .....34

*Н.Н. ОСПАНОВА, А.С. АКАНОВА,  
Г.М. АБИЛЬДИНОВА, Н.Қ. ТОҚЖІГІТОВА*

Жоғары оқу орнының болашақ оқытушыларын  
даярлаудың маңызды аспектілері .....40

*Г.Т. АБИТОВА*

Формирование информационной культуры  
дошкольников: валеологический аспект .....46

*К.М. БЕРКІМБАЕВ, Г.Ж. НИЯЗОВА,*

*И.У. БЕКБОЛАТОВА, М.С. СҰЛТАНМҰРАТ*

Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту техноло-  
гиясын іске асырудың ерекшеліктері .....52

*Р.А. АЙКЕНОВА, С.Ш. МАГАВИН,*

Игровые технологии как дидактическое ус-  
ловие повышения мотивации обучения .....62

*А.Н. ЖОРАБЕКОВА, Н.Ш. АЛМЕТОВ, Ж.А.  
АБИЛХАИРОВА*

Формирование полилингвальных компетен-  
ций будущего учителя: готовность преподава-  
телей вуза .....69

Учредитель  
ОО «Академия Педагогических Наук»

**Редакционная коллегия:**  
А.К. КУСАИНОВ  
главный редактор

А.А. БУЛАТБАЕВА  
зам. главного редактора

К.У. КУНАКОВА  
Д.В. ЛЕПЕШЕВ  
Л.Х. МАЖИТОВА  
Ф.Т. САМЕТОВА  
Б.А. ТУРГУНБАЕВА  
С.А. УЗАКБАЕВА  
Н.А. ШАМЕДЬХАНОВА  
Т.С. ШУМЕЙКО  
А.А. САТБЕКОВА  
Р.О. НИЯЗОВА  
Ж.Б. КОНЫРОВА  
Т.Е. СУЛТАНГАЗЫ

**Редакционный совет:**  
Е.В. АСТАХОВА (УКРАИНА)  
К.А. БИСЕНОВ  
С.В. ИВАНОВА (РОССИЯ)  
Д.П. КОЖАМЖАРОВА  
И.Э. КУЛИКОВСКАЯ (РОССИЯ)  
Б.Б. МАМРАЕВ  
А.М. МАМЫТОВ (КЫРГЫЗСТАН)  
Г.М. МУТАНОВ  
К.Н. НАРИБАЕВ  
А.А. ТАЛТЕНОВ  
А.А. ШАРИПБАЕВ

Свидетельство о перерегистрации  
Министерства культуры и информации  
Республики Казахстан №13303-Ж  
от 21.01.2013 г.  
Вестник выходит 6 раз в год

Научный журнал  
«Вестник АПН Казахстана»  
рекомендован ККСОН МОН РК  
для публикации основных результатов  
по педагогическим наукам

По данным Казахстанской базы  
цитирования НЦ НТИ  
импакт фактор журнала 0,074  
Мнения авторов не отражают  
точку зрения редакции.

**Адрес редакции:**  
050000, г. Алматы  
пр. Абылай хана, 74А  
Тел.: 8 (727) 313-18-15,  
313-18-16  
E-mail: apnkaz@mail.ru, v.apnk@mail.ru

Формат 70x100<sup>1/8</sup>.  
Бумага офсетная. Усл.-печ.л. 16,5  
Тираж 300 экз.

© ОО «Академия  
Педагогических Наук», 2019

<i>А.Ш. ЖУМАШЕВА, Ф.Т. САМЕТОВА</i> Формирование функциональной грамотности как составляющая успешного обучения языку .....	76
<i>А. БАЙГАНОВА</i> «Кәсіптік бағдар беру жұмыстары» мобильді қосымшасын жобалау және құру .....	82
<i>М.М. ЕРЕКЕШЕВА, Г.Ж. ТЫНЫМКУЛОВА</i> Программалауға үйретуші білімдік сайттың жобалау және құру .....	87
<i>Е.И. БУРДИНА, Р.Ж. ЕРОФЕЕВА</i> Компоненты готовности учителя физической культуры к реализации гендерного подхода в обучении школьников .....	93
<i>Р.К. АЛСАИТОВА, Т.К. МУКУШЕВ, Ж. ТАУБАЛДИЕВА, С.М. КУНТУГАНОВА,</i> Болашақ музыка мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін телебағдарламаларды қолдану арқылы дамыту үлгісі .....	104
<i>R.SYDYKOVA, A.DOSBAGANBETOVA, D.YELZHANOV</i> Activization of cognitive activities of a future music teacher by means of traditional kazakh music .....	108
<i>Ы.А. НӘБИ, Ө.Ш. ІБШЕВ, Ә.Ә. ТӨЛБАЕВ</i> Инфографика тәсілін «Графика және жобалау» оқулығында жүзеге асыру .....	114
<i>К.А. КАТКЕНОВ</i> Социально-педагогический кластер как субъект успешной социализации воспитанников с ограниченными физическими возможностями .....	119
<i>Д.В. ЛЕПЕШЕВ</i> Современные проблемы исследования семейных ценностей, национальных традиций в современной казахстанской семье .....	126
<i>Т.С. ШУМЕЙКО</i> Концепция дизайн-образования как методологическая основа разработки образовательной программы «Профессиональное обучение» .....	135
<i>Б.М. ДОСКАРАЕВ, Р.А. БЕКЕМБЕТОВА, Ж.К. САПАРБАЕВА, Н.М. УТЕШЕВА</i> Состояние и развитие науки о спорте в Казахстане .....	141
<i>ПОЗДРАВЛЕНИЯ</i> .....	147
<i>БІЗДІҢ АВТОРЛАР</i> .....	150
<i>НАШИ АВТОРЫ</i> .....	152
<i>OUR AUTORS</i> .....	154
2019 жылы журналда жарияланған мақалалар Статьи опубликованные в журнале в 2019 г. ....	156

ӘОЖ 378.016

Н.Н. ОСПАНОВА<sup>1</sup>, А.С. АКАНОВА<sup>2</sup>, Г.М. АБИЛЬДИНОВА<sup>3</sup>,  
Н.Қ. ТОҚЖІГІТОВА<sup>4</sup><sup>1</sup> С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті<sup>2</sup> С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті<sup>3</sup> Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті<sup>4</sup> Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ БОЛАШАҚ ОҚЫТУШЫЛАРЫН  
ДАЯРЛАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Мақалада жоғары оқу орнының оқытушыларын даярлаудың кейбір мәселелері қарастырылған. Еліміздегі қазіргі білім беру жүйесіне сәйкес жоғары оқу орнының оқытушыларын кәсіби тұрғыда дайындау магистратура бағдарламасынан басталады. Ұсынылып отырған мақаланың негізгі бөлімінде болашақ мамандар үшін қажетті деп саналған оқу пәндерінің мақсаттары анықталып, аталған оқу пәндері шеңберінде магистранттардың кәсіби біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ететін өз бетімен орындауға арналған тапсырмалар келтірілген, педагогикалық практиканың маңыздылығы және оның ұйымдастырылуы сипатталған. Сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы болашақ оқытушыларды дайындауда зерттеу практикасы мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңыздылығы мен қажеттілігі де ерекше атап өтілген. Магистратураның оқу жоспарынан ұсынылған үзіндіде оқу пәндері, педагогикалық практика мен зерттеу практикасының және ғылыми-зерттеу жұмыстарының өзара логикалық байланысы келтірілген. Қорытындыда болашақ оқытушылардың кәсіби қызметтерін айқындайтын білімдері, іскерліктері, қалыптасатын дағдылары және құзырлылықтары ұсынылған.*

*Кілтті сөздер: болашақ мамандар, оқытушы, кәсіби даярлық, ғылыми-зерттеу жұмысы, педагогикалық практика.*

**Кіріспе**

Білім беру мәселесі «Қазақстан – 2030» ұзақ мерзімдік стратегиясының маңызды артықшылықтарының бірі болып анықталған. Қазақстандағы білім беру саласындағы өзгерістердің жалпы мақсаты жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға білім беру жүйесінің бейімделуі болып табылады. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жолдауына сәйкес, еліміз бәсекеге қабілетті дамыған 30 мемлекеттің қатарына енуі туралы басты міндет қойылған. Осы мақсатқа жетудің ең дұрыс жолы елімізде ғылым мен техниканың дамуы, ғылыми жаңалықтардың көптеп ашылуы болып табылатындығы күмән келтірмейді. Сол себепті де алға қойған мақсаттарға жету үшін білім беру жүйесін жетілдіру, мектеп қабырғасында,

жоғары оқу орнында білім алып жүрген жастарды ғылымға баулу маңызды. Осы айтылғандарға сәйкес, адам қызметінің әртүрлі саласында ғылыми жаңалықтарды ашуға бірден бір үлесін қосатын тұлғалар – ғалымдар, жоғары білімді ғылыми қызметкерлер, ғылыми-педагогикалық мамандар деп айту артық емес. Соның ішінде бүгінгі қоғамның дамуына белсенді түрде қатыса алатын ақпараттық технологиялар саласындағы ғылыми-педагогикалық мамандарды ерекше атап өтуге болады.

**Негізгі бөлім**

Бүгінгі күні елімізде жоғары оқу орнының оқытушыларын, яғни ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары – магистратура мен докторантура арқылы жүзеге асады. Жоғары оқу орнынан кейінгі

білім беру бағдарламалары біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрлар мен басшы кадрларды даярлауға, олардың ғылыми, педагогтік және кәсіптік даярлық деңгейін дәйектілікпен арттыруға бағытталған.

Магистратура докторантураға түсу үшін дайындық кезеңі болып табылатындығы белгілі, ендеше болашақ оқытушылардың алғашқы ғылыми педагогикалық дағдылары магистратура қабырғасынан қалыптаса бастайтындығы анық.

Жоғары білікті ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаудың негізі – тұтастай мемлекеттің ғылыми әлеуетін қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Магистратура – жоғары мектепте оқытушылық қызметке баулитын білім беру деңгейі. Педагогикалық қызметке кәсіби тұрғыда бейімделу психологиялық, әлеуметтік, дидактикалық, әдістемелік, ғылыми тәрбие беруді және жоғары мектептің өзіндік ерекшелігін қамтиды. Магистратураның білім беру тұрғысынан өзіндік құрылымы, формасы, дамытудың тұжырымдамалары мен заңдылықтары, траекториясы бар. Оқытушылық қызметке кәсіби бейімделу мәселесінің көп факторлығы оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін арттырудың әртүрлі факторларының диалектикалық байланысымен тығыз байланысты [1].

Магистратура бағдарламасының құрылымы мен мазмұны жоғары мектептің оқытушысының іргелі дайындығы болып табылады. Магистратура білім алушылардың бағыты бойынша да ғылыми тұрғыда терең кәсіби даярлықтан өтуге мүмкіндік береді. Жоғары білім беру жүйесінде магистратура деңгейі келесі мақсаттарды көздейді:

– білімділік мақсаты, яғни бакалавриаттан алған білімдерін ары қарай тереңдетуге мүмкіндік береді;

– ғылыми-зерттеу мақсаты, яғни ғылыми білім саласында зерттеу қызметін жүргізуді және өндіріске енгізуді үйрену;

– кәсіби, себебі магистратура

қызметтің анықталған кәсіби түрін және жоғары оқу орны оқытушысының кәсіби қызметтерін орындауға даярлайды [2].


Жоғары оқу орнының оқытушыларын даярлайтын магистратура ғылыми-педагогикалық бағыт деп аталып, оқу мерзімі 2 жылға белгіленген.

С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде ақпараттық технологиялар саласы бойынша жоғары оқу орнының болашақ оқытушылары 6M011100 – Информатика, 6M060200 – Информатика, 6M070300 – Ақпараттық жүйелер мамандықтары бойынша даярланады. Аталған мамандықтардың негізгі оқу жоспары базалық және кәсіптендіру пәндерінен, практика түрлерінен және ғылыми-зерттеу жұмыстарынан тұрады.

Базалық пәндердің қатарында болашақ кәсіби қызметтеріне дайындық мақсатында Педагогика, Психология, Ғылым тарихы және философиясы, Кәсіби шетел тілі оқу пәндері бар.

Ал кәсіптендіру пәндері қатарында міндетті компонент ретінде мамандық бойынша арнайы ұсынылған оқу пәнімен қатар болашақ кәсіби қызметтеріне тікелей қатысы бар педагогикалық, әдістемелік және зерттеу мақсатындағы таңдау пәндері, атап айтқанда Жоғары мектепте ІТ-пәндерін оқыту әдістемесі, Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы оқу пәндері және мамандық бойынша арнайы таңдау пәндері бар. Сонымен қатар оқу жоспарына педагогикалық практика, зерттеу практикасы және ғылыми-зерттеу жұмыстары енгізілген.

Төмендегі 1-суретте магистранттардың болашақ кәсіби қызметтеріне тікелей ықпалы болатын оқу пәндерінің логикалық сызбасы ұсынылған (1-сурет). Бұл сызбада оқу жоспарының үзіндісі қарастырылған, мұндағы БП МК – базалық пәндер, міндетті компонент; КП ТК – кәсіптендіру пәндері, таңдау компоненті; ҒЗЖ – ғылыми зерттеу жұмысы.



1-сурет – Магистратура бағдарламасы бойынша оқу жоспарынан үзінді

Жоғары мектепте ІТ-пәндерін оқыту әдістемесі пәнінің мақсаты – магистранттарды қазіргі таңдағы жоғары мектепте информатика курсы жүйесіндегі пәндерді оқыту әдістемесімен таныстыру, әдістемелік жүйесінің құрылымы туралы білім беру, заманауи оқыту технологиялары мен әдістерімен таныстырып, оларды оқу үрдісінде қолдана білуге үйрету, педагогикалық практиканы өтуге даярлау және болашақ кәсіби қызметтеріне бейімдеу болып табылады.

Жоғары мектепте ІТ-пәндерін оқыту әдістемесі пәнінің алға қойған мақсатына жету үшін дәріс, тәжірибелік сабақтардан басқа магистранттардың өзіндік жұмыстарды орындауы да ерекше орын алады.

Жоғары мектепте ІТ-пәндерін оқыту әдістемесі пәні бойынша магистранттарға өз беттерімен зерттеп, талдап, сараптап және қорытынды жасау арқылы тікелей болашақ кәсіби қызметтеріне дайын болуы мақсатында келесідей тапсырмалар ұсынылады:

1) әлемдік және отандық озық тәжірибелі университеттердегі ақпараттық технологиялар мамандықтарының бакалавриат деңгейінің оқу жоспарларына талдау жасау;

2) ақпараттық технологиялар саласындағы халықаралық стандарттар мен оқу жоспарларына (curriculum) талдау жасау;

3) ақпараттық технологиялар саласындағы мәселелер қарастырылатын мемлекеттік бағдарламалар мен стандарттарды талдап, сараптама жасау;

4) жоғарыда аталған құжаттарға жүргізілген талдау және сараптаманың негізінде ақпараттық технологиялар бағытындағы бакалавриат мамандықтарына 5 оқу пәнін ұсыну, осы ұсынылған 5 оқу пәнінің өзара логикалық сызбасын әзірлеу және олардың пререквизиттері және постреквизиттері болатын пәндерді анықтау;

5) өздері ұсынған оқу пәндері бойынша пәннің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеу, яғни оқу пәндерінің жұмыс бағдарламасы мен силлабустарын дайындау. Жұмыс бағдарламасында өздері ұсынған оқу пәндерінің мақсатын, міндеттерін айқындайды, аталған пән бойынша тақырыптық жоспарын құрастырады және әр тақырып бойынша сабақта қарастырылатын сұрақтарды айқындап, қосымша оқуға болатын әдебиеттерді ұсынады.

Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы пәні қазіргі заманға сай ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың және жүргізудің негіздерімен, ғылыми еңбектердің түрлерімен, құрылымымен және оларды рәсімдеуге қойылатын талаптармен таныстыру арқылы теориялық білімдерін қалыптастыру,



сондай-ақ магистрлік диссертацияның ғылыми аппаратын жасауға үйрету, отандық және шетелдік әдебиеттермен, ғылыми дереккөздерімен жұмыс жасауға бейімдеу және зерттеу нәтижелерін сынақтан өткізу әдістерін үйрету арқылы тәжірибелік іскерліктерін қалыптастыру болып табылады. Осы пәннің шеңберінде магистранттарда зерттеу практикасын өткізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу біліктілігі, дағдылары және құзырлылықтары қалыптасады.

Бұл пән бойынша да магистранттардың дәрістік және тәжірибелік сабақтарынан тыс өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу мақсатында келесі тапсырмаларды ұсынуға болады:

1) әр магистрант өзінің зерттеу тақырыбы шеңберінде әлемдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми-техникалық және әдістемелік әдебиеттерге шолу жасау;

2) әркім өзінің зерттеу тақырыбының негіздемесін жасау, яғни таңдап алған тақырыбының бүгінгі күні қандай өзектілігі бар, зерттеу тақырыбы қандай мақсатты көздейді, алға қойылған мақсатқа жету үшін қандай міндеттер қойылады, зерттеу тақырыбының тәжірибелік маңызын анықтау, зерттеудің әдістемелік негізін айқындау, ғылыми болжамдарын қою және т.б.

3) зерттеу тақырыбы бойынша әзірленетін программалық өнімге қатысты бар программаларды іздеу, салыстыру және талдау жүргізу негізінде артықшылықтары мен кемшіліктерін айқындау;

4) зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми мақала даярлау, талаптарға сай безендіру және баспаға ұсыну.

Педагогикалық іскерліктің жоғары деңгейін тек қана теориялық кәсіби-педагогикалық дайындықтан алуға болмайды, міндетті түрде педагогикалық практика қажет. Сол себепті ғылыми-педагогикалық бағыттағы болашақ кәсіби мамандарды даярлауда педагогикалық практиканың маңызы зор.

Педагогикалық практика негізгі білім беру бағдарламасының бөлігі болып табылады. Педагогикалық практиканың мақсаты – жоғары мектепте оқытушының кәсіби қызметінің біліктіліктерін меңгеру, пәннің оқыту әдістемесін, яғни сабақтарды ұйымдастыру және жүргізу бойынша практикалық біліктіліктерін қалыптастыру. Педагогикалық практика педагогикалық технологияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әдістерден, тәсілдерден және құралдардан тұрады, магистранттарға болашақ кәсіби қызметінің негізгі мәселелерін шеше білуге үйретеді, сонымен бірге ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу, оқыту мазмұнын таңдау, оқу пәндерінің әдістемелік кешенін әзірлеу, педагогикалық бақылау түрлерін таңдау және жүзеге асыру, студенттердің әлеуметтік-психологиялық іс-әрекеттерін реттеу, олардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал жасау арқылы өздерін кәсіби түрде шыңдауға тәрбиелейді. Жоғарыда аталған мамандықтарда педагогикалық практика оқу үрдісінен қол үзбей теориялық оқу мерзімінде қатар жүргізіледі. Педагогикалық практикаға 3 кредит, яғни 15 аптаға 90 сағат көлемі бөлінген. Өзіміздің тәжірибемізге байланысты магистранттар педагогикалық практика барысында барлығы 6-8 сабақ өткізуі тиіс. Әр сабаққа пәннің оқу-әдістемелік кешеніне сәйкес сабақтың материалын дайындап, білім берудің озық технологиялары мен әдістерін қолдану арқылы Педагогика, Психология және Жоғары мектепте IT-пәндерін оқыту әдістемесі пәндерінен алған білімдерін тәжірибемен ұштастырады. Педагогикалық практиканың соңында практиканы өту туралы есеп дайындайды. Сондай-ақ магистранттар педагогикалық практика барысында студенттердің тәрбиелік жұмыстарына да қатысып, әртүрлі шараларды ұйымдастырады. Бұл болашақта эдвайзерлік қызметке дайындық болып табылады.

Магистранттардың болашақ кәсіби

маман ретінде қалыптасуына ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және зерттеу практикаларына қатысудың да ықпалы зор.

Зерттеудің әдіснамасы мен әдістерін меңгеру магистранттарға шығармашылық ізденіс іс-әрекетін жүргізу мүмкіндігін ұсынады, олардың альтернативті ойлауларын қалыптастырады және инновациялық түрдегі қызметті орындауға баулиды. Мәселенің түйінін шешу – ол ғылым, оның мақсаты – нақты бір ғылым саласында сауатты және тиімді жұмыс жасай білуі әрбір зерттеуші үшін өте маңызды, өйткені ол қоғамның және жеке адамның өміріндегі ғылыми қызметтің маңыздылығын, мәнін, сонымен бірге оның жүзеге асырылу механизмі мен алгоритмін түсінуге зор ықпал етеді [3]. Зерттеу практикасы мен ғылыми-зерттеу жұмыстары магистрлік диссертация тақырыбы бойынша жүйелі түрде ізденіс жасауға, әдебиеттермен жұмыс жасауға, зерттеуді жүргізуде әртүрлі заманауи әдістерді қолданып, шығармашылық тәсілмен зерттеу нәтижелерін алуға көмектеседі.

### **Қорытынды**

Жоғары оқу орнының болашақ оқытушыларын дайындау мақсатында келесі әрекеттерді жүйелі түрде орындау көптеген жетістіктерге әкеледі. Атап айтқанда, магистранттар университет қабырғасында білім алып жүрген уақыттан бастап ғылымға бейімделу керек, яғни әртүрлі ғылыми шараларға белсенді қатысуы керек. Ақпараттық технология саласындағы өзекті мәселелер бойынша ғылыми жобалар жазып, түрлі сайыстарға қатыса білу керек, ғылыми зерттеу мәселесі бойынша талдау, сараптама, сауалнама жұмыстарын жүргізіп, нәтижелерін әртүрлі ғылыми баспаларда, конференцияларда жариялап, ғылыми

жұмыстарды талаптарға сай рәсімдеу арқылы ғылыми еңбектер қорын молайту керек және де өзінің саласы бойынша озық технологияларды жүйелі түрде оқып, меңгеріп отыруы қажет. Сондай-ақ болашақ мамандардың кәсіби педагогикалық тұрғыда даярлығы әдістемелік, педагогикалық және психологиялық сауаттылығының болуын талап етеді.

Мақалада ұсынылған мәселелерді негізге ала отырып, ғылыми-педагогикалық магистратурада ақпараттық технологиялар саласының болашақ мамандары мынадай басты құзырлылықтарға ие болуы керек деген қорытындыға келдік:

- ақпараттық технологиялардың қазіргі жағдайы мен даму жолдары, заманауи жетістіктері, пәндік аймақта ғылыми-педагогикалық қызметтің негіздері және өз саласы бойынша ғылыми зерттеудің әдіснамасы туралы білуі керек;

- инновациялық есептерді шешу және оларды жүзеге асыру үшін заманауи зерттеу әдістерін қолдануды, инновациялық жобаларды орындау үшін программалық өнімдерді әзірлеу және қолдануды, ғылыми зерттеу нәтижелерін практикалық қолданысқа енгізуді, педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруды орындай алатын іскерліктері болуы керек;

- ақпараттық технологиялар саласында өз беттерімен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу, ғылыми-техникалық және әдістемелік әдебиеттермен жұмыс жасай білу дағдылары болуы қажет;

- кәсіби саласында күрделі мәселелерді шеше білу, инновациялық жобаларды әзірлеу және өндіріске ендіру, ғылыми-педагогика саласының есептерін шеше білуге құзырлылықтары болуы тиіс.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ащепков В.Т. Профессиональная адаптация преподавателей высшей школы: Монография. – Армавир, 1989. – 140 с.

2. Стефанова Н.Л., Шубина Н.Л. Магистратура: слово и дело: Практическое пособие. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2002. – 157 с.

3. Таубаева Ш.Т. Исследователь и исследовательская деятельность / Вестник АПН Казахстана, №6. – 2015 г.

## REFERENCES

1. Ashchepkov V.T. Professional adaptation of higher school teachers: Monograph. – Armavir, 1989. – 140 p.

2. Stefanova N.L., Shubina N.L. Master: word and deed: A Practical Guide. – SPb.: Publishing House of the Russian State Pedagogical University. A.I. Herzen, 2002. – 157 p.

3. Taubayeva Sh. T. Researcher and Research Activity / Journal of APS of Kazakhstan, No. 6, 2015

*ОСПАНОВА Н.Н., АКАНОВА А.С., АБИЛЬДИНОВА Г.М., ТОКЖИГИТОВА Н.К.*  
ВАЖНЫЕ АСПЕКТЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

В этой статье описываются некоторые вопросы подготовки преподавателей вузов. В соответствии с системой образования в нашей стране профессиональная подготовка будущих преподавателей вузов начинается с образовательной программы магистратуры. В основном разделе предлагаемой статьи определены цели учебных дисциплин, которые считаются необходимыми для будущих специалистов. Предложены ряд заданий для самостоятельного выполнения по данным дисциплинам. Также описывается важность педагогической практики и ее организации. Особой отметкой подчеркиваются место и необходимость исследовательской практики и исследовательской работы при подготовке будущих учителей в области информационных технологий. Статья обеспечивает логическую связь между важными учебными дисциплинами, видов практики и научно-исследовательской работой из учебной программы магистранта. В заключение приведены знания, навыки, умения и компетенции будущих учителей для определения их профессиональной деятельности.

*Ключевые слова:* будущие кадры, профессиональная подготовка, научно-исследовательская работа, педагогическая практика.

*OSPANOVA N.N., AKANOVA A.S., ABILDINOVA G.M., TOKZHIGITOVA N.K.*  
IMPORTANT ASPECTS OF TRAINING FUTURE HIGHER SCHOOL TEACHERS

This article describes certain issues of training university teachers. In the national educational system, the professional training of future higher school teachers starts from the Master level. The article defines the objectives of academic disciplines that are considered necessary for future professionals, offers some tasks for self-directed learning, substantiates the importance of teaching practice and its organization, especially emphasizing the place and necessity of research practice and research work in the training of future teachers in the field of IT. The article provides a logical link between important academic disciplines, the types of practice, and research works from the Master curriculum. In conclusion, the authors list the knowledge, skills, abilities, and competencies of future teachers to determine their professional activities.

*Keywords:* future staff, professional training, research work, teaching practice.



УДК 373.2

Г.Т. АБИТОВА

Алматинский филиал

Санкт-Петербургский Гуманитарный университет профсоюзов  
**ФОРМИРОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ КУЛЬТУРЫ  
 ДОШКОЛЬНИКОВ: ВАЛЕОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ**

*Статья посвящена исследованию проблемы формирования основ информационной культуры детей старшего дошкольного возраста средствами социально-культурной деятельности, что является важной и актуальной задачей в условиях построения информационного общества, активизировавшихся процессов визуализации, реформирования информационного пространства. Наиболее благоприятным для формирования основ информационной культуры является старший дошкольный возраст, поскольку данный период является оптимальным для его личностного роста и активной деятельности в самых разных видах.*

*Следует отметить, что автором последовательно и комплексно анализируются средства социально-культурной деятельности, способствующие успешной закладке основ информационной культуры детей старшего дошкольного возраста. Отмечена особая роль валеологических возможностей социально-культурной деятельности, которые обеспечивают физическое, социальное и психологическое благополучие ребёнка.*

*В статье расширено представление об использовании здоровьесберегающих технологий в работе с техническими средствами, которые нацелены на подготовку сознания ребенка к противодействию негативным воздействиям информационных потоков в процессе эффективной педагогической деятельности дошкольного образовательного учреждения.*

*Ключевые слова: социально-культурная деятельность, валеологические возможности, информационная культура, дошкольный возраст.*

**Введение**

В современном мире, который условно, но и вполне обоснованно, можно назвать временем «креативно-информационной культуры» [1, с.22] и для ученых, и для педагогов, и для большинства обычных людей представляет интерес потенциал социально-культурной деятельности.

Понятие «социально-культурная деятельность», как показывает анализ различных источников, имеет особую актуальность в педагогических и социальных аспектах.

М.С. Каган, введя это понятие, имел в виду достаточно широкий аспект. Он считал, что это «всякая деятельность человека как общественного существа» [2, с.5]. По его мнению, биологическая жизнедеятельность – это материальная база, фундамент, на котором потом будет строиться социокультурная деятельность [2, с.6].

Точка зрения М.С. Кагана в дальнейшем была скорректирована и даже изменена. Так, Н.Н. Ярошенко дает более прагматичное и узкое толкование, утверждая, что социально-культурная деятельность объединяет существующие педагогические технологии, которые преобразуют культурные ценности в нормы поведения и деятельности, которые, с одной стороны, регулируют социальное взаимодействие, а с другой - технологически выстраивают социализирующие воспитательные процессы [3, с.39].

Т.Г. Киселева и Ю.Д. Красильникова придерживаются системно-диалектической точки зрения. Они убеждены, что социально-культурная деятельность исторически оправдана, направлена педагогически и востребована социально [4, с.49]. Это такая деятельность, которую надо рассматривать как достаточно сложный процесс, об-